



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ  
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА  
GUMILYOV EURASIAN  
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2015»  
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

---

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
X Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2015»

---

PROCEEDINGS  
of the X International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2015»

**УДК 001:37.0**  
**ББК72+74.04**  
**Ғ 96**

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0  
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2015

dikkate almasını sağlar. Ama Internet ağının yayılmasıyla, mevcut iletişim şartlarına uyum sağlamak için Lâtin kaynaklı alfabenin kullanılmakta olduğu da bir gerçektir. Daha doğrusu, uluslararası transkripsiyon sistemine dayanan Lâtin kaynaklı alfabe kullanılmaktadır. Yeni alfabe resmî olarak kabul edildikten sonra, bu alandaki çok sesliliğin sessizce ortadan kalkacağı düşünülmektedir.

Yeni Kazak alfabesinin hazırlığında, tek alfabaya kilitlenmeden; farklı yazı türlerinden yararlanılması gerekir. Kazak dilinin fonetik özellikleri dikkate alınarak, yazmayı ve okumayı kolaylaştıran yollar tercih edilmelidir. Bir alfabe seçiminde ve uygulanmasında tarihî, millî ve siyasî boyutun yanı sıra, dil unsuru ve işlerlik de çok büyük önem taşımaktadır.

#### **Қолданылған әдебиеттер**

1. KARTALCIK Vedat. Geçmişten Günümüze Türk Dünyasında Alfabe Gelişimi. – İstanbul, 2003.
2. DEMİRCİ Ümit Özgür. Türk Dünyasında Latin Alfabesine Geçiş Süreci (Geçmişten Günümüze). – Ankara: Türk Yurdu Dergisi, sayı. 287, cilt. 31, 2011, 225-229 s.
3. ASLAN Betül. Sovyet Rusya Hakimiyetinde Yaşayan Türklerin Ortak "Birleşmiş Türk Alfabeti"nden "Rus Kiril" Alfabetine Geçirilmesi. – Erzurum: A.Ü. Türkiyat Araştırmaları Enstitüsü Dergisi Sayı. 40, 2009.
4. ŞAHİN Erdal. Türk Dünyasında Yazı Birliği: Latin Alfabeti Temelinde Yeni Türk Alfabeleri, [http://turkoloji.cu.edu.tr/pdf/erdal\\_sahin\\_turk\\_dnyasinda\\_yazi\\_birligi.pdf](http://turkoloji.cu.edu.tr/pdf/erdal_sahin_turk_dnyasinda_yazi_birligi.pdf)
5. Milletlerarası Çağdaş Türk Alfabeleri Sempozyumu. // Marmara Üniversitesi Yayınları No:509, Türkiyat Araştırmaları Enstitüsü Yayınları No:1. – İstanbul 1992, [http://katalog.marmara.edu.tr/muyayinevi/YN509\\_1.pdf](http://katalog.marmara.edu.tr/muyayinevi/YN509_1.pdf)
6. ŞAHİN Erdal, Emine Gürsoy-Naskali, Türk Cumhuriyetlerinde Latin Alfabetine Geçiş Çalışmaları ve Sonuçları, Bağımsızlıklarının 10. Yılında Türk Cumhuriyetleri. – Haarlem-Hollanda: SOTA Yayınları, 2002, 63-70 s.
8. ÖZER Zeynep Bağlan. Kazakistan'da Alfabe Değişimine Yeni Bir Yaklaşım. <http://www.ayk.gov.tr/wp-content/uploads>

УДК.811 512 373-6

#### **ТҮРКІ ТІЛІНДЕГІ ЭТНОАНТРОПОНИМДЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ НЕГІЗІ**

**Джанабаева Алтын Елубаевна**

[dzhanabaeva\\_altyn@mail.ru](mailto:dzhanabaeva_altyn@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық  
университетінің 4-курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекші – Мусабекова У.А.

Түркі тіл білімінде жан-жақты зерттеліп, ғылыми негізі қаланған ономастиканың күрделі бір саласы – антропонимика.

Антропонимика кісі аттары, әке аты patronim(отчество), фамилиялар, лақап аттар (прозвища), бүркеншік аттарды ( псевдонимы ) зерттейтін ономастиканың бір саласы. Түркі тіліндегі антропонимдердің қолданысы мен қызметіне лингвомәдени сипаттама берілді. Антропонимдер - көне дәуірлерден этникалық ақпарат жеткізетін тарихи, мәдени және рухани әлеуметтік құбылыс.Осы жүйеге кіретін этноантропонимдердің этномәдени және тарихи болмысында түрлі этнос және этникалық топтардың тарихи тегі көрініс табады. Өртүрлі ұлттық ассоциацияларға меңзейтін ұлттық символдарға айналып, біртұтастығын, бүтіндігін сипаттайтын, ұлттық арқаудың бірі ретінде антропонимдердің мазмұнында этномәдени сипаттың сақталуы мен жалғасуы, жаңғыруы оның ұлттық-ұжымдық сұрсананың терең қатпаларында жасырынып жатқан мәдени архетиптердің тілдік бейнеде

сақталған этнотанбасы екенін көрсетеді.

V – VIII ғасырларға тән жазба ескерткіштерде кездесетін күрделі тұлғалы кісі аттары және кісі аттарын жасауға арқау болған компоненттер қазіргі түркі тілдерінде түгелдей сақталмаған. Өйткені оларды тудырған, тиісті дәрежеде қолданған қоғамдық қатынас, дәуір түбірімен өзгерді. Дегенмен, ол антрополоксемалардың кейбіреулері біздің заманымызға жетіп отыр. Сол замандағы кісі аттарының жасалу үлгісі, принципі мен лексикалық номинациясы тіпті кейбір компоненттері қазіргі антропонимдер системасында сақталып қалған. V – VI ғасырлардағы түрік мемлекеті туралы жазылған Л.Н.Гумилевтің «Древние тюрки» атты еңбегінде берілген есімдер, титулдар мен лақап аттар ішінде қазіргі антропонимдерге ұқсастары өте көп.

Ескерткіштердің мәтінін оқып, талдауда, лексикалық құрамы мен грамматикалық құрылымын, синтаксистік конструкциясын зерттеуде В.В.Радлов, С.Е.Малов, И.А.Батманов, В.И.Насилов, Ғ.Айдаров көп еңбек етті. Бұл Орхон-Енисей жазбаларындағы жалқы есімдерді талдауда тарихшылар мен лингвистер арасында әр түрлі болжам, пайымдаулар мен көзқарастар болды. Сондықтан Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріндегі ономастиканы талдау тарихшылар Я.Бичурин, П.М.Грумм-Гржимайло, В.В.Бартольд, А.Бернштам, Л.Н.Гумилев еңбектерінен де көрініс тапты. XV-XVII ғасырларда қолданылған антропонимдерді сол замандарда жазылған тарихи деректерден және кейбір авторлардың еңбектерінен анық көреміз. Мырза Мухаммед Хайдар Дулати шығармасы «Тарих и Рашиди». Бұл шығармадағы автордың ата-бабалары: Бабдаған→Үртубу (Өртөбе) →Пуладчи (Болатшы)→ Худайдад→ Сайид Ахмад → Сайид Али Хайдар екен. Осымен қатар көптеген жер-су, ел аттары және кісі аттарын кездестіреміз. Мысалы: Абу-Бакир, Мухаммад Хусайн, Камарад-Дин, Мир карим-Берды, Пир-Хакк Берды, Мир Ибрахим, Санисиз Мырза, Дуст Мухаммад, Мырза Султан-Ахмад, Мир-Ахмад-Касим, Султан Махмуд Мирза (ер аттары;) Хуб-Нигар-ханим, Кутлук-Нигар-Ханим, Михр-ханим, Қара-Куз-Бегим (әйел аттары). Бұл еңбектегі антропонимдердің тілдік материалы, көбіне, араб-парсы сөздері. Сонымен қатар, қазақ сөзінен жасалған кісі аттары да бар. Қадырғали Жалаиридың XV ғасырда жазған «Ат-тауарих» (шежірелер жинағы), Бабурдың «Бабырнама», Абулғазының «Шежіри-и Турки» атты еңбектерінде тарихи ономастикаға тән материалдар көп. Олардың ішінде қазақ тарихына қатысты жер атаулары мен кісі аттарын кездестіреміз. Мәселен, «Ат -тауарихта» мынандай антропонимдер кездеседі. Ер аттары: *Кәнбар сұлтан, Есен, Жолан, Оразмұхаммәт, Шағай хан, Мәлік сұлтан, Тоғызсары, Баишбек сұлтан, Көжік сұлтан*. Әйел аттары: *Татлы ханым Жағым бекім, Сұлтан ханым, Дауым ханым*.

Ескерткіштегі ономастиканың саны мен құрамы әр түрлі, бұлардың ішінде, ерекше антропонимия материалдарына көңіл бөлінді. Олардың құрамы, жасалу тәсілі, құрылымдық типі, қоғамдық-әлеуметтік функциясы топоним мен этнонимдерден әлдеқайда кең. Құрылымдық типіне сай ол ономастиканы былайша бөлуге болады: 1) дара тұлғалы, 2) туынды тұлғалы, 3) екі құрамды, 4) көп құрамды немесе күрделі тұлғалы.

1) Дара тұлғалы есімдер: а) антропонимдер: Анар, Эсин, Умач, Йола, Буга, Чур, Тонг, Барс, Баз, Куч; б) этнонимдер: Аз, Огуз, Тюрк, Чік.

2) Туынды есімдер: а) антропонимдер: Шувуш, Макрач, Туран, Кутлуг, Уграч, Толаш, Туграк; б) этнонимдер: Карлук, Тардуш, Тангут, Толас, Басмыл, Согды, Табач.

3) Күрделі тұлғалы есімдер: антропонимдер: Ал Туган Тутук, Яш Ак Баш, Чочук Борі Санун, Учін Куліг Тіріг, Уруңу Куліг Ток Боди(т), Ынанчы Кулуг Чігші баг, Туз бай Куч барс Кулуг. Жоғарыда көрсетілген мысалдардан байқап отырғанымыздай, екі құрамды және күрделі тұлғалы есімдердің компоненттері: *Улуг, тутук, алп, тіріг, кулуг, куч, ынамчы, каган, баг, билге, бори, барс*. Бұл сөздердің бәрі көне түріктер қоғамында әлеуметтік-саяси терминдер ретінде қолданылып, сол кездегі адамдардың қоғамдағы орнын, титул, атақ-дәрежесін көрсеткен. Ал күрделі есімдермен қатар тұрғанда ол адамның ерлік, батырлық қасиетін, ерекшелігін білдіретін эпитет ретінде де жұмсалған.

Қазіргі түркі халықтары тіліндегі кісі аттарының құрылысы, жасалу тәсілдері көне түркі есімдерінің типіне сәйкес. Олардың форма сәйкестігі, лексикалық номинациясы есім

жасаудағы көне дәстүрлердің біздің заманымызға шейін жетіп, сақталып отырғанын көрсетеді.

Енисей дәуіріндегі кісі аттарының қазіргі түркі тілдерінің көбінде сақталып отырғаны мұның толық айғағы бола алады. Оны мына мысалдардан анық көреміз. Тува тілінде Ақпаш, шор тілінде Ақпаш, қазақ тілінде Ақбай, Ақпас; тувада Буга, қазақта Бұқа, тувада Мөңге, қазақта Мөңке, тувада Тарган, қазақта Дархан, Тархан, шор тілінде Чарык, қазақ тілінде Жарык.

Ономастика материалдарында, жоғарыда айтқан титул, шен, атақ-дәрежеге байланысты термин сөздердің кейбіреулерінің қазіргі түркі тілдеріндегі кісі аттарының компоненттерінде сақталып отырғаны анық көрінеді. Мысалы: тува, қырғыз тілдерінде *Қушбек*, қазақ тілінде *құсбек*, шор тілінде *Кушпег*, тува, қырғыз, қазақ тілдерінде *Қарабай*, *Сарыбай*, *Пору*, *Борубай*, *Бөрібай*.

Орхон-Енисей ескерткішіндегі және көне тарихи жазбалардағы көптеген сөздердің қазіргі кісі аттары ретінде кездесетінін көрсете кету орынды. Мәселен, Багадур, Ябгу, Бүке есімдерін талдап көрейік. Қазіргі тілімізде кеңінен қолданылып жүрген Батыр, Батырхан, Батырбек, Байбатыр тәрізді есімдердің *батыр* компоненті көне ескерткіштерде *Багадур* тұлғасында кездеседі. Біздегі *батыр* сөзі осы *багадурдың* өзгерген түрі екені даусыз. Сонымен қатар бұл күнде тілімізде сирек болса да кездесіп, қолданылып жүрген антропоним *Бүке*, *Бөке*, *Бөкебай* көне түркі тілінде көбіне кісі аты емес, лақап ат ретінде «батыр, ер» мағанасында қолданылған. Мұны қарапайым адамдар емес, хандар иемденген. Мәселен, түріктер ханы Қара Журун Турк алып денелі, зор тұлғалы болғаны үшін *Бокэ* атанған. Атақты Билге ханның лақап аты да *Богю* «батыр» болған. Бұл сөз осы күнгі алтай, өзбек, ұйғыр, осман түркі тілдерінде жалпы есім сөз ретінде *викӑ*, *пӧкӧ*, *бӧкӧ* – «батыр», «ер», «палуан» мағыналарында айтылады. Минусинск музейі ескерткішіндегі Шогур, Ярук Тегин, Алп Турган, Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі Қапаған антропонимдеріне қазіргі қазақ тіліндегі Шоқыр, Жарык, Әли, Анар есімдері сай келеді. Ал Жабатай, Жабағы, Жапак тәрізді есімдерді бастапқы тұлғасы көне түркі тіліндегі *ябга*, *ябгу* болса керек. О баста титул ретінде қолданылған бұл сөз бара-бара дыбыстық деформацияға түсіп, ерекше өзгергенін байқау қиын емес. Оны былайша түсінеміз: *Ябга>ябгу>Жабга>Жаба>Жабаг>Жабағы*.

V – VIII ғ. тән ескерткіштердегі көптеген сөз тудырушы аффикстер қазіргі жалқы есімдердің нормативті аффикстерімен сәйкес. Есімше тұлғаның *-ған*, *-ген* қосымшалары көне ескерткіштегі кісі аттарын жасауда белсенді роль атқарған. Мысалы: *Туған*, *Ал Туған*, *Капаған*, *Куч Кияған* т.б. Бұл қосымшалар бұл күнгі жалқы есімдерді жасауға да кеңінен жұмсалады. Мысалы: *Қатаған*, *Қашаған*, *Ауғанбай*, *Туғанбай*, *Сұраған* т.б. Антропонимдердегі лексика-семантикалық ұқсастықтан басқа грамматикалық формалардағы ортақ жайлар қазақ тілінің шығу тарихын айқындауға қатысы бар.

Қазақ антропонимдерінің шығуына, даму кезеңіне моңғол үстемдігінің (XIII – XV ғ.) аз да болса әсері тиді. Моңғол тілінен енген сөздердің тарихын тек моңғол шабуылына байланысты кірген демей, моңғол халқымен тым ерте қоян-қолтық араласу кезінде болғанын да ескеруіміз керек.

Моңғол үстемдігі кезінде енген кісі аттары сан жағынан онша көп емес. Тек моңғол хандары мен әскер басыларының аттары және әскери атақ, мансапқа байланысты санаулы сөздер. Мысалы, *Шағатай*, *Батый*, *Сыпатай* (*Субэдей*), *Ноян*, *Ноянбай*, *Нөкербек*, *Түмен*, *Түменбай*, *Сайын* т.б.

Бұл кісі аттары тіліміздің дыбыстық заңына бағынып, халықтық тілдің айтылу нормасына сай бейімделіп, өзгеріп кеткен. Оның үстіне ол сөздерден кісі аттарын жасауда *бай*, *бек* сөздерін қосып, біріктіретін тәсілін қолданған.

Қазіргі тілімізде қолданылып жүрген антропонимдер: Жұбан, Қайп, Тоқтамыс, Едіге, Асан, Жүсіп, Бекболат, Бекқажы, Дәуіт, Махмұт, Темірболат, Рүстем, Зухра, Жамал, Бану, Ордабек типтес есімдер – XI – XV ғасырларға тән жазба немесе архитектуралық ескерткіштерде кездеседі. Мысалы, Кеңгір, Сарысу өзендері алқабынан табылған XII

ғасырға тән архитектуралық ескерткіштер :*Жұбан – ана, Қайп – ата, Мәулім-берді, Айша-Биби* ғимараттары сол адамдардың өз есімдерімен аталған. XIV ғасырға тән хан жарлықтарындағы кісі аттары: Тоқтамыш, Эдеку, Бекбулат, Бек хажы, Давуд, Махмуд, Туман. Осы ғасырдағы «Мухаббат-намедегі» кісі аттары: Азер, Сүләйман, Али, Фәрхад, Ләйла, Мустафа, Әбәд, Зухра, Жәмал, Жәнат, Хабиб т.б. Ол кездегі есімдер мен қазіргі қазақ есімдерінің арасында айта қоярлықтай ерекшеліктер байқалмайды да. Олардың негізгі айырмашылығы тек дыбыстық құбылыста ғана болып отырғанын айта аламыз. Бірақ мұның өзі де шартты нәрсе. Өйткені ол кездегі сөздер мен кісі аттарының айтылуына қазіргі орфография тұрғысынан қарауға болмайды. Мүмкін, сол дәуірдегі біздің айтылу нормамыз, дыбыстық таңбамыз солай болар.

XIV ғасырда жазылған , тіл тарихымызға қатысы бар үлкен ескерткіштің бірі – «Кодекс Куманикус». Бұл ескерткіштегі кісі аттары мен ру, тайпа аттары қазақ есімдеріне өте ұқсас. Қазіргі *Мәрия, Бекжан, Жәнкен, Тұрды, Жақын, Қахан, Садық, Қалкен* сияқты кісі аттарының нұсқасы ескерткіште: Beegzan Zokan Jwachan Turdun Jacobos Chaxan Zaduk Kalken формаларында жазылған. Демек, бұл ескерткіштерде көрсетілген антропонимдердің ерте кезден-ақ түркі тілдерінде қолданыс тапқанын байқаймыз. Ескерте кететін бір жәйт, ескерткіштер мен тарихи деректердің бәрінде хандар мен әкімдердің, әскер басылары мен шоғарлардың, қысқасы, қоғамдық, әлеуметтік тұрмысқа араласқан адамдардың есімдері ғана жазылған Сонымен қатар, қазақ сөзінен жасалған кісі аттары да бар. Қадырғали Жалаиридың XV ғасырда жазған «Ат-тауарих» (шежірелер жинағы), Бабурдың «Бабырнама», Абулғазының «Шежіри-и Турки» атты еңбектерінде тарихи ономастикаға тән материалдар көп. Олардың ішінде қазақ тарихына қатысты жер атаулары мен кісі аттарын кездестіреміз. Мәселен, «Ат -тауарихта» мынандай антропонимдер бар. Ер аттары: *Болат сұлтан, Кәнбар сұлтан, Есен, Жолан, Оразмұхаммәт, Шағай хан, Мәлік сұлтан, Тоғызсары, Баибек сұлтан, Көжік сұлтан*. Әйел аттары: *Жағым бекім, Сұлтан ханым, Дауым ханым, Татлы ханым*.

Қырғыз есімдерін зерттеген А.Идрисовтың еңбегінде антропонимдердің қалыптасу кезеңдері қоғамының тарихи – экономикалық даму кезеңдеріне сәйкес анықталады: 1)Алтай дәуіріне дейінгі ежелгі кезең. Оған жануарлармен, құстармен, географиялық атаулармен байланысты антропонимдер жатады. 2) Хун дәуірінде қалыптасқан антропонимдер (б.з.д. II, III-VIб.ғ.) Оған мал, жануар, құс, өсімдік, жәндік, аспан денелері, байланысты аттар жатады.3) Көне түркі кезең (V – Xғ ). Алдындағы кезеңдердегі антропонимдермен қоса, мысал ретінде ескі түркі ескерткіштеріндегі антропонимдер – *Чур, Барс, Шумкар, Арстан* келтіреді. 4) Ортағасырлық кезеңдегі (X – XVғғ.) аттарға араб есімдері қосылады. 5) Жаңатүркі кезеңде (XV-XXғғ.) бұрынғы есімдерге ескі еврей (библиялық) араб, парсы аттары қосылады. 6) Қазан төңкерісінен кейінгі кезең аттарының қатарында революционерлер, әдеби кейіпкерлер, мемлекеттік ресми тұлғалар атауларымен сипатталған [3.17-37].

Сол сияқты түрік тілінде ежелгі антропонимдер ретінде атмосфералық ылғал, күн, ай, флора мен фаунаға байланысты қалыптасқан есімдер көрсетіледі. Мысалы, *Ягмур* (жанбыр) XIғ.түркіменнің қолбасшысының аты. Түркі антропонимикасын зерттеуші ғалым В.У.Махпировтың еңбегінде ол туралы былай тұжырымдалған: «Для исследования основных закономерностей формирования и функционирования древнетюркской ономастики необходимо рассмотреть этнокультурную и политическую историю древних тюркоязычных народов, поскольку многие факторы данной истории оказывали решающее влияние на ономастическую систему, которая живо реагировала на различные изменения в этносоциальной, экономической жизни тюркского общества, четко фиксируя в своей структуре смену территорий, характер изменений в политической и социальной сфере, культурные и экономические метаморфозы, коими богата история тюркоязычных народов древности и средневековья»[6,4]. Антропонимдік жүйенің қызметі әрбір қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени өрісінің дамуымен ұштасып жатады және жан-жақты ақпаратқа ие. Этноантропонимика құрамының өзекті бір бөлігін көне салт-дәстүр мен түрлі



мифтік танымға негізделген (мысалы Тоқтасын, Ұлболсын, Жаңылсын, Тәңірберген ) атаулар құрайтындығы тілдік деректер арқылы дәлелденді.

Антропонимдер әртүрлі ұлттық ассоциацияларға меңзейтін ұлттық символдарға айналып, халықтық ұлт ретіндегі біртұтастығын, бүтіндігін сипаттайтын, ұлттық арқаудың бірі ретінде әр бір тілде антропонимдердің мазмұнында этномәдени сипаттың сақталуы мен жалғасуы, жаңғыруы оның ұлттық-ұжымдық сұрсананың терең қатпаларында жасырынып жатқан мәдени архетиптердің тілдік бейнеде сақталған этнотаңбасы екенін көрсетеді.

Қорытындылай келе, антропонимдер әртүрлі ұлттық ассоциацияларға меңзейтін ұлттық символдарға айналып, түркі халықтарының біртұтастығын, бүтіндігін сипаттайтын, ұлттық арқаудың бірі ретінде антропонимдердің мазмұнында этномәдени сипаттың сақталуы мен жалғасуы, жаңғыруы оның ұлттық-ұжымдық сұрсананың терең қатпаларында жасырынып жатқан мәдени архетиптердің тілдік бейнеде сақталған этнотаңбасы екенін белгілейді. Түркі антропонимиялық кеңістіктің жалпы сипаты мен ұлттық-мазмұндық құрылымын, номинациялық қағидалары мен атау жасаудағы уәж табиғатының дәстүрлі модельдерін, мәдени-әлеуметтік таңба ретіндегі коннотациялық сипатын тануға мүмкіндік береді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – Москва: Наука, 1967, 90-91с.
2. Никонов В.А. Имя и общество. – Москва: Наука, 1974, 56 с.
3. Идирисов А. Кыргыз тилиндеги ысымдар. – Фрунзе, 1971, 17-37с.
4. Гарипов Г.М. О древних кыпчакских именах в антропонимии башкир // Ономастика Поволжья. – Уфа. 1943, вып 3.
5. Фон Гумбольдт В. Язык и философия культуры. – Москва, 1985, 349 с.
6. Махпиров В.У. Имена далеких предков. – Алматы, 1997, 302 с.

УДК 811.512.1'04:398.91

#### **ОТРАЖЕНИЕ КАРТИНЫ МИРА В КЫПЧАКСКИХ ПОСЛОВИЦАХ И ПОГОВОРКАХ**

**Диханбаева Азиза Ерболатовна**

[aziza\\_dikhanbayeva@mail.ru](mailto:aziza_dikhanbayeva@mail.ru)

Магистрант 2 курса кафедры тюркологии факультета Международных отношений

ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Шаймердинова Н.Г.

Реальная действительность фиксируется в языке различными способами. Каждый представитель определенного народа оперирует языковыми элементами в соответствии со своей индивидуальной картиной мира, расставляя доминантные маркеры. Язык как знаковая система консервирует архаичные культурные данные, дает возможность последующим поколениям анализировать мировоззрение предков, выделяя наиболее важные черты коллективного опыта и знаний, формирует языковую картину мира народа.

Ю.Д.Апресян подчеркивал донаучный характер языковой картины мира, называя ее наивной картиной. Именно наивная картина мира отражена в языке. Она складывается как ответ на практические потребности человека, как необходимая когнитивная основа его адаптации к миру. Наивная картина мира обыденного сознания, в котором преобладает предметный способ восприятия, имеет интерпретирующий характер. Язык, фиксируя коллективные, стереотипные и эталонные представления, объективирует интерпретирующую деятельность человеческого сознания и делает ее доступной для изучения. Наивные представления отнюдь не примитивны: во многих случаях они не менее сложны и интересны, чем научные» [1].

В результате анализа кыпчакских пословиц и поговорок, автор интерпретирует